

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы республикалық астық инспекциясы жөніндегі ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 30 маусымдағы N 900. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.03.17. N 251 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Республикалық астық инспекциясы жөніндегі қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақ КСР Астық өнімдері және құрамажем өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік астық инспекциясы жөніндегі Ережені бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1966 жылғы 26 маусымдағы N 514 қаулысы күшін жойған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің*

*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 30 маусымдағы  
N 900 қаулысымен  
Бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Республикалық астық инспекциясы туралы Ереже**

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Республикалық астық инспекциясы (бұдан әрі - Инспекция) "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан Республикалық астық инспекциясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 сәуірдегі N 562 қаулысына сәйкес құрылған және Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы дербес құрылымдық бөлімше болып табылады.

2. Инспекция өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдық актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрықтары мен өкімдерін және осы Е р е ж е н і б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Инспекция құрамына республикалық орталық лаборатория, лабораторияларымен және астық инспекциясы пункттерімен қоса облыстық б а с қ а р м а л а р ы к і р е д і .

4. Инспекция заңды ұйым болып табылады, банк мекемелерінде шоты, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған белгіленген үлгідегі мөрі болады.

5. Инспекцияның құрылымы мен штаттық кестесін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі бекітеді.

6. Инспекция Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет органдарымен және оның тіркелген сынақ бөлімшелерімен, астық пен астық өнімдерінің, бұршақты, майлы дақылдар мен шөптер тұқымдарының сапасына бақылау жасайтын Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері мен ведомстволарының инспекциялық қызметтерімен және тиісті шет ел қызметтерімен байланыста жұмыс істейді.

7. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің мемлекеттік және аймақтық ресурстарына, сондай-ақ меншік нысанына, аумақтық, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан осы өнімдерді өндірушілер мен тапсырысшылардың өтінімдері бойынша оларға қызмет көрсету барысында и н с п е к ц и я :

сауда-сатып алу операциялары, сақтау және ұқсату барысында астық, астық өнімдеріне мемлекеттік стандартты және олардың сапасын бағалау әдістемесін сақтай отырып ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен басқа да ұйымдардың астықты, астық өнімдерін, майлы, бұршақты дақылдар мен шөптердің тұқымдарын сатып алу-сату кезінде олардың сапасын, салмағын анықтаудың дұрыстығына бақылауды жүзеге асырады;

айналадағы ортаның хауіпсіздігі мен ластануына қауіп туғызатын технологиялық процестерге тұрақты және жан-жақты бақылау жүргізеді;

елден тысқары жерлерге, республика ішінде басқа бағыттарға жөнелтілетін астықтың, майлы және бұршақты дақылдардың, шөптер тұқымдарының, ұнның, жарманың, құрамажемнің және импорт бойынша түсетін тиісті тауарлардың с а п а с ы н и н с п е к ц и я л а й д ы ;

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетпен бірлесе отырып сертификаттау туралы заңда белгіленген

тәртіппен өздеріне бағынысты сертификациялық органдардың, орталықтардың өз құзыры шегінде ауыл шаруашылығы өнімдері сапасына, сәйкестілігіне сертификаттар беру үшін оларды тіркеуді жүзеге асырады;<\*>

жаңа егін астығының сапасын зерттейді, оның тауарлық-технологиялық сипаттамасын жасайды, астық өндірушілердің, мемлекеттік және басқа тапсырыс берушілердің астық рыногының мүмкіндіктері жөніндегі тиісті ұсыныстарын әзірлейді;

мемлекеттік астық инспекторларының жұмыс тәртібін реттейтін нұсқауларды және басқа нормативтік актілерді, инспекциялау ережелерін, астықтың сапасы мен оның ұқсатылған өнімдері жөніндегі құжаттамалар нысандарын әзірлеп, бекітеді және оларды хаттау ережесін белгілейді;

астықты, майлы және бұршақты дақылдар, шөптердің тұқымдарын, ұнды, жарманы, құрамажемді сапалы түрде қабылдау, сақтау, өңдеу, ұқсату және жөнелту жөніндегі талаптарға сәйкес астық тауарын өндірушілерінің, астық қабылдау ұйымдарының материалдық техникалық базасының жағдайын қадағалайды;

астық қабылдау, ұн тарту, жарма, құрамажем ұйымдарында өнімдер шығару жөніндегі технологиялық процестерді жүргізудің белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

астық пен оның ұқсатылған өнімдері сапасының мәселелері бойынша өндірушілер, сатушылар мен сатып алушылар, ұқсатушы, сатушы және басқа ұйымдар арасында алауыздық туған кезде қорытындылар береді;

астық қабылдау, астық ұқсату ұйымдарындағы астықтың, майлы және бұршақты дақылдар, шөптердің тұқымдарының, ұнның, жарманың, құрамажемнің сапалық-сандық есебі мен сақталуының дұрыстығына бақылау жасайды;

белгіленген тәртіппен оның облыстық басқармалары бекіткен тазарту, астық өнімдерінің, шөптер тұқымдары мен құрамажем салмағындағы кему актілерін қарайды, сақтау процесінде сапасын жоғалтқан астық және басқа өнімдер тобын арзандатуды жүргізеді;

өз құзыры шегінде өнімдердің жаңа түрлерін, прогресті технологияны, талдаудың, нормативті-техникалық құжаттамалардың озық әдістерін әзірлеу мен енгізуге қатысады;

астық пен астық өнімдерінің сапасы, астық қабылдау және астық ұқсату ұйымдарында технологиялық процестерді жүргізу мен ұйымдастыру ережелері бойынша стандарттарды, техникалық шарттарды, басқа да нормативтік актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

тауар өндірушілердің, қабылдау және ұқсату ұйымдары өндірістік-технологиялық лабораторияларының олардың өндірістің

технологиялық режимі мен стандарттарды сақтау, талдау жүргізу және астық пен астық өнімдерінің сапасы жөніндегі құжаттамаларды хаттау бөлігінде жұмысын ұйымдастыруға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

кеңестер, семинарлар, конференциялар, байқаулар, көрмелер, сондай-ақ астық пен астық өнімдері сапасының мәселелері бойынша республика аграрлық секторы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөнінде шаралар өткізуді ұйымдастырады. Өз құзыры шегінде Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, басқа да министрліктер мен ведомстволар өткізетін сапа мен санитарияға байланысты шараларға қатысады.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031**

қ а у л ы с ы м е н

#### 8. Инспекцияның мыналарға:

меншік нысанына қарамастан, мемлекеттік және аймақтық ресурстардың өнімдерімен жұмыс істейтін ұйымдардағы астық, майлы, бұршақты дақылдар, шөптердің тұқымдарын, ұн, жарма мен құрамажем қабылдау, өңдеу, сақтау, ұқсату, жөнелту және сату орындарына кедергісіз кіруге және тексеруге, сондай-ақ бұл орайда олардың сапасын анықтауға талдау жасау үшін сынақ жүргізе алуға және жіберуге;

меншік нысанына қарамастан, астық қабылдау және астық ұқсату ұйымдарынан астықтың, астық өнімдерінің, майлы, бұршақты дақылдардың, шөптер тұқымдарының сапасы, олардың техникалық базасын мемлекеттік және аймақтық ресурстар өнімдерін қабылдауға, орналастыруға, сақтауға, ұқсату мен сатуға әзірлеу мәселелері бойынша қажетті материалдар мен түсініктер алуға;

ұйымдардың басшыларына технологиялық процестерді жүргізудің белгіленген ережелерін, мемлекеттік және аймақтық ресурстар астығын, астық өнімдерін, майлы, бұршақты дақылдардың, шөптердің тұқымдарын қабылдау, сақтау, өңдеу, ұқсату, жөнелту, тасымалдау мен сапасын анықтау ережелерін бұзуды жою жөнінде орнатуға міндетті бұйрықтар беруге құқылы. Пайда болған ереже бұзушылық туралы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерді хабардар е т у г е ;

өтінімдер бойынша сатып алушылармен және сатушылармен бірлесе отырып жөнелтілетін астық және басқа өнімдердің орташа сынағын алуды жүргізуге және тиісті талдаулар жүргізуге құқылы. Тексеріліп, бекітілген сынақтар жөнелтілген күннен бастап бір ай сақталады;

сату-сатып алу операциялары барысында сатушылар мен сатып алушылар өтінімдері бойынша астықты, майлы және бұршақты дақылдардың, шөптердің тұқымдарын, ұнды, жарманы, құрамажемді тасымалдау үшін жүк тиеуге берілетін вагондардың, кемелердің, автомобильдердің жарамдылығын тексеруге

және бұл мақсаттарға жарамсыз көлік құралдарына және ыдыстарына оларды тиісінше, жөнелтуге тыйым салуға;

мемлекеттік және аймақтық ресурстарға жинақталатын астықты, астық өнімдерін, майлы, бұршақты дақылдардың, шөптердің тұқымдарын жарамсыз ыдыстарға салуға, сондай-ақ сапа, кондиция мен нақты мақсаттың белгіленген нормасына сәйкес келмейтін осы өнімдерді жөнелтуге тыйым салуға;

"Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес стандарттар мен техникалық шарттар талаптарын бұзғаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігі жөнінде ұсыныстар енгізуге;

мемлекеттік және аймақтық ресурстар астығы, астық өнімдері, майлы, бұршақты дақылдардың, шөптердің тұқымдары жөніндегі тексеру материалдарын қарауға және меншік нысанына қарамастан, тауар өндірушілерге, астық қабылдау, астық ұқсату ұйымдарына орындауға тиісті бұйрықтар беруге қ ұ қ ы л ы .

9. Инспекцияның сатып алынатын және сатылатын астықтың, майлы, бұршақты дақылдардың, шөптердің, өндірілетін ұнның, жарма мен құрамажемнің сапасы жөніндегі, сондай-ақ экспорт-импорт операциялары кезіндегі, қорытындысы ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, барлық ұйымдар үшін түпкілікті болып табылады.

1 0 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 10-тармақтың күші жойылды - ҚР Президентінің 1998.04.27. N 3928 жарлығымен .**

11. Инспекция өзі берген сертификатқа тауар сапасының сәйкес келмегені үшін жауапты болады .

12. Инспекцияны Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі бекітетін бастық басқарады .

Инспекция бастығына өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындамағаны үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.